

07.04.2022 жылы Қызылжар ауылдық округі тұрғындарымен кездесу болып өтті. Жиналысқа аудан әкімі М.Отаршиев, аудандық мәслихаттың хатшысы С.Таскулов, аудандық мәслихаттың бір топ депутаттары, ауданның дербес бөлім басшылары, ауыл билері, жергілікті қоғамдастық мүшелері, ауыл тұрғындары және жергілікті полиция инспекторлары қатысты.

Кездесу барысында, М.Отаршиев алдымен Қазақстанды жаңғыртудың жаңа бағдарының негізгі бағыттары туралы тоқталып, одан соң Сарыағаш ауданында атқарылған жұмыстар жөнінде баяндады. Ауылдық округ тұрғындарының басым бөлігі табиғи газбен қамту, ағын су, мектепке қосымша ғимарат салу, жайылымдық жер, жолдарға асфальт салу туралы өтініштері мен пікірлерін айтты. Аудан әкімі тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.

Аудандық мәслихат хатшысы С.Таскулов ауылдық округ тұрғындарына «Сарыағаш аудандық мәслихатының атқарған жұмысы, оның тұрақты комиссияларының қызметі туралы» баяндама жасап, атқарылған жұмыстарға толығымен тоқталып, сонымен қатар аудандық мәслихат депутаттарының өз тараптарынан демеушілік есебінен атқарып жатқан жұмыстарымен де таныстырды. Жергілікті атқарушы орган және аудандық мәслихат алдағы уақытта да бірлесе отырып жұмыс істесе ауданымыз одан әрі дамитындығына сенімін жеткізді.

Қызылжар ауылдық округінің тұрғындары 2021 жылы атқарылған жұмыстарға алғысын білдіріп, қанағаттандырарлық баға берді.

Сонымен қатар, кездесуден кейін мәслихат депутаттары, аудан басшысымен бірге ауылдық округ тұрғындарын жеке өтініштері бойынша да арнайы қабылдау өткізді. Қабылдауда тұрғындар жер учаскесін беру, жол жөндеу, электр трансформаторын ауыстыру және заңсыз жер қойнауын пайдалану бойынша өтініштерін тыңдап, тұрғындар көтерген шағым-өтініштерге заң аясында жауап берді.

Аудан әкімі ауылдық округ әкіміне және тиісті мекеме басшыларына әрбір өтінішті назарға алып, заңға сәйкес оң шешуді тапсырды.